

Петропавл қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 11 сәуірдегі "Аз қамтамасыз етілген отбасыларынан шыққан студенттерге әлеуметтік көмек беру Ережелерін бекіту туралы" N 287 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2007 жылғы 14 маусымдағы N 755 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласының әділет басқармасында 2007 жылғы 20 шілдедегі N 13-1-77 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы 2010 жылғы 16 сәуірдегі N 432 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы 2010.04.16 N 432 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" N 148 Заңының 31 бабы 1 тармағының 14 тармақшасына сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Петропавл қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 11 сәуірдегі "Аз қамтамасыз етілген отбасыларынан шыққан студенттерге әлеуметтік көмек беру Ережелерін бекіту туралы" N 287 қаулысына өзгерістер енгізілсін (2005 жылғы 10 мамырдағы м/т N 13-1-6) қала әкімдігінің 2006 жылғы 19 сәуірдегі қала әкімдігінің 2005 жылғы 11 сәуірдегі "Аз қамтамасыз етілген отбасыларынан шыққан студенттерге әлеуметтік көмек беру ережелерін бекіту туралы" N 287 қаулысына өзгерістер енгізу туралы N 583 қаулысымен енгізілген өзгерістерімен (м/т N 13-1-41, 2006 жылғы 22 маусымдағы "Проспект СК" газетінің N 22), қала әкімдігінің 2007 жылғы 5 наурыздағы "Петропавл қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 11 сәуірдегі "Аз қамтамасыз етілген отбасыларынан шыққан студенттерге әлеуметтік көмек беру Ережелерін бекіту туралы" N 287 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" N 276 қаулысымен (м/т N 13-1-65, 2007 жылғы 20 сәуірдегі "Проспект СК" газетінің N 16, 2007 жылғы 20 сәуірдегі "Қызылжар нұры" газетінің N 16) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Кіріспе сөздегі "Петропавл қалалық мәслихатының 2004 жылғы 24 желтоқсандағы кезекті он бірінші сессиясының "2005 жылғы арналған Петропавл қаласының бюджеті туралы" N 2 шешімі негізінде (2005 ж. 19.01. мемлекеттік тіркеу N 1447; 2005 ж. 28.01. "Добрый вечер" газеті) алынып тасталсын;

2 тармақ алынып тасталсын;

3 тармақтағы "Петропавл қаласының қаржы бөліміне (Г.И. Дорофеева)" сөздері "Петропавл қаласының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне"

сөздерімен

ауыстырылсын;

4 тармақтағы "Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне (Н.Н. Кушталова)" сөздері "Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне "

сөздерімен

ауыстырылсын;

аталған қаулымен бекітілген Аз қамтамасыз етілген отбасыларынан шыққан студенттерге әлеуметтік көмек беру ережелеріндегі:

3 тармақтағы "білім бөлімдерінің" сөздері "Петропавл қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің" сөздерімен ауыстырылсын; "Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" сөздері "Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі" сөздерімен ауыстырылсын; "көші- қон және демография басқармасы" сөздері "Петропавл қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің" әлеуметтік сала бөлімі" сөздерімен ауыстырылсын;

4 тармақтың 2) тармақшасындағы "нотариалдық растандырылған" сөздері алынып тасталсын;

4 тармақтың 5) тармақшасындағы "нотариалдық куәландырылған" сөздері алынып тасталсын;

4 тармақтың 6) тармақшасындағы "нотариалдық куәландырылған" сөздері алынып тасталсын;

18 тармақ алынып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің бірінші орынбасары Ә. З

Сәрсембаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді.

Қала әкімі